

## Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 11 қазан N 18/2.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағаның міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д. Шопин қатысқан құрамда, мына өкілдердің:

өтініш субъектісінен - Қазақстан Республикасының әділет вице-министрі А.Н.Котловтың,

Қазақстан Республикасының Парламентінен - депутаттар Е.Ж.Жұмабаев пен Ж.Қалиұлының,

Республиканың Әділет министрлігінен - халықаралық құқық және хаттама департаментінің директоры В.А.Калюжныйдың,

Республиканың Сыртқы істер министрлігінен - шарт жасасу-құқықтық департаментінің халықаралық-құқықтық мәселелер бөлімінің бастығы А.Б.Қарашевтің, осы бөлімнің үшінші хатшысы А.К. Кинжебаеваның қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтінішін қарады.

Ұсынылған материалдарды зерделеп, баяндамашы Ж.Д.Бұсырмановты, өтініш субъектісінің өкілін және өзге де отырыс қатысушыларын тыңдап, сондай-ақ халықаралық құқық саласының тәуелсіз маманы, заң ғылымының кандидаты Ж.О.Құлжабаеваның қорытындысымен танысып шығып, Қазақстан Республикасының Конституцияның Кеңесі мынаны

анықтады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 11 қыркүйекте Республика Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтініші келіп түсті.

Бұл өтініште, 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 4-бабы 3-тармағында Қазақстан бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы белгіленген деп атап көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық

шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығының U952679\_ 11-бабында бекітуге жататын халықаралық шарттар белгіленген.

Осыған орай, өтініште атап көрсетілгеніндей, Қазақстан Республикасы бұдан алдын жасасқан, Қазақстан заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелерді белгілейтін бірқатар халықаралық шарттар 1995 жылғы Республика Конституциясының және жоғарыда аталған Президент Жарлығының нормаларына қарама-қайшы келген. Өтініш субъектісі, "Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанға дейін жасасып, бекітілмеген және олардың күшіне енуінің шарты ретінде бекіту көзделмеген, халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасы заңдарынан басымдығы бола ма?" - деген сұраққа жауап беруді сұрайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы K951000\_ 4-бабының 3-тармағын түсіндіру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді

Конституцияның 4-бабы 3-тармағында "Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады" деп белгіленген. Бұл, Қазақстан Республикасы, өзі жасасқан халықаралық шарттардың Республика Парламенті тиісті заң қабылдау жолымен бекіткендерінің ғана ұлттық заңдардан басым заңи күші болуына келісім білдіреді деген сөз.

Конституцияның бұл келтірілген нормасының мағынасынан, Қазақстан бекіткен халықаралық шарттардың ғана Республика заңдарынан басым болатындығы келіп шығады. Бекітілген халықаралық шарттардың заңдардан басымдығы және Республиканың аумағында дегенде, мұндай шарттар нормаларының заң нормаларына қайшы келетін реттерде басымдығы көзде тұтылады.

Бекітілмеген халықаралық шарттардың Республика заңдарынан мұндай басымдығы жоқ. Қазақстан 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін жасасқан, бекітуге жатпайтын барлық халықаралық шарттар, Республика заңдарына қайшы келмейтіндей шамада орындалуға тиіс. Араларында қайшылық болған жағдайда, шарттасу тараптары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" заң күші бар Жарлығына, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес, келісу рәсімі арқылы оларды шеше алады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасасқан кейбір халықаралық шарттардың, 1993 жылғы Конституцияда басымдығы көзделген келісімдер санаттарының қатарына жатқандықтан, заңдардан басымдығы болатын. Мәселен, 1993 жылғы Республика Конституциясының 3-бабында адам және азаматтың

құқықтары мен бостандықтары туралы Қазақстан Республикасы таныған халықаралық-құқықтық актілердің оның заңдарынан басым болуына жол берілетін. Бұл актілердің, Қазақстан оларды танып отырғандықтан, Республиканың 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін бекітілген халықаралық шарттарымен тең заңи күші бар.

Одан тыс, Республиканың жекелеген заңдарында халықаралық шарттардың бұл заң нормаларынан басымдығы көзделеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлімнің) К941000\_ 3-бабы 8-тармағында: "Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, аталған шарттың ережелері қолданылады..." - деп белгіленген.

Дәл осындай нормалар, 1995 жылғы Конституция күшіне енгенге дейін қабылданған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ (1-баптың 3-тармағы), "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ (6-бап) Қазақстан Республикасының Заңдарында баянды етілген. Бұл нормалар 1993 жылғы Конституцияға қайшы келмейтін. Олар 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін де күшінде қала береді, өйткені бұл заң актілерінің күшін Қазақстан Республикасының Парламенті жойған жоқ және 1995 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін де олар күшінде қалып келеді.

1993 жылдың 31 наурызында Қазақстан Республикасы халықаралық шарттардың құқығы туралы 1969 жылғы Вена Конвенциясына қосылды, оның, 4-бапта айтылғанындай, "кері күші болмайды", яғни Конвенция "шарт жасасқан мемлекеттерге қатысты оның күшіне енуінен соң, мемлекеттер жасасқан шарттарға ғана" қатысты қолданылады. "Pacta sunt servanda" - "қолданылып жүрген әрбір шарт оның қатысушылары үшін міндетті және адалдықпен орындалуы тиіс" (26-бап) - деген принципті баянды ете отырып, бұл Конвенция шарттардың орындалу тәртібін анықтамайды. Ол мемлекеттердің төтенше конституциялық және заң шығарушылық құзырына жатады және халықаралық құқықтың жаппай танылған принципі - мемлекеттердің егемендік теңдігінен келіп шығады.

4. Конституцияның К951000\_ 4-бабы 2-тармағында "Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады" деп белгіленген. Осы баптың 1-тармағына сай, Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық деп, Республиканың Конституция нормаларына сәйкес келетін халықаралық шарттары және өзге де міндеттемелері танылады. Жоғарыда келтірілген заң актілерінде олардың басымдығы туралы айтылған, Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасасқан, күшіне енуінің шарты ретінде бекіту көзделмеген халықаралық шарттар күшінде қалады және тиісті түрде орындалуға тиіс. Демек, жаңа конституциялық-құқықтық өрісте, 1995 жылғы Конституция

нормаларымен бір уақытта орын алған, Қазақстанның бұл шарттары және өзге де міндеттемелері елдегі қолданылатын құқық жүйесіне кіреді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының U952737\_ 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 31, 32 және 37-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру тәртібімен, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын, Республика Конституциясына сәйкес, заңда белгіленген тәртіппен жасалған және Республика Парламенті тиісті заң қабылдау жолымен бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басым заңи күші бар деп тану және қолдану лазым.

2. 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін жасалған, күшіне енуінің шарты ретінде бекіту көзделмеген халықаралық шарттардың күші бар болып табылады және Республиканың тиісті құқықтық қатынастар саласын реттейтін заңдарында осы халықаралық шарттар үшін мұндай басымдық тікелей көзделген болса, онда Республика заңдарынан басымдығы сақталады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 74-бабының

3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, шағымдануға жатпайды және Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесі

Төрағасының міндетін атқарушы

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.